

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ӘДЕБИ-КӨРКЕМ
ЖУРНАЛ



Ақпандар

2018-2(57)



АҚТӨБЕДЕ

*Фарица
Оңғарсынова*

АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ
АШЫЛДЫ



Цзяң Жуң

БӨРІ ТОТЕМІ

КЕПКЕН ӨРІК
ЖЕЙ ЖҮРІҢІЗ






Оңайгүл Тұржан


МАХАМБЕТ

ЖЫРЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУМЕН
САБАҚТАСТЫҒЫ



*Махамбет
Рухани жаңғыру*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҚАЗІРГІ ЖАҢДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ОНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ, АДАМ БАЛАСЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ДАМУДЫҢ КЕМЕЛДІ КЕЗЕҢІНЕ ЖЕТКЕН КЕЗДЕ, ЕНДІ РУХАНИ ДАМУДЫҢ КЕМЕЛІНЕ ЖЕТУДІ МАҚСАТ ЕТЕ БАСТАЙДЫ. ЯҢНИ, АДАМНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ӨТЕЛІП, ҚАРЫН ТОҚТЫҒЫ ОРНЫҚҚАНДА РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРГЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ АРТА ТҮСЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ АМЕРИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ АБРАХАМ МАСЛОУ ӨЗІНІҢ «ҚАЖЕТТІЛІКТЕР ПИРАМИДАСЫНДА» ТАЛДАП АЙТҚАН ЕДІ. ОЛ РУХАНИ ПИРАМИДАНЫ ӨР САТЫҒА БӨЛІП, ОНЫҢ ӨР САТЫСЫНДА АДАМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ӨСУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫНА ҚАРАЙ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН.



Абрахам Маслоу пирамидасы

Яғни, жоғары қажеттіліктер жүзеге асу үшін оған дейінгі төменгі талаптар жүзеге асырылуы керек. Төменгі қажеттіліктер жоғары қажеттіліктердің жүзеге асырылуының кепілі, яғни, тас табаны. Дәл осы пирамида арқылы біз бүгінгі өз қоғамымыздың кескінін айқындай аламыз. Оның басты көрінісі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Мұндай бағдарламалық мақаланың ұсынылуының өзі біздің қоғамның жалпы материалдық жағдайының жоғары деңгейге көтерілгендігін



көрсетеді. Яғни, біздің қоғам Маслоу пирамидасының заңдылығының өлшемі бойынша өзінің негізгі тастабанын бекітті. Ендігі жерде рухани азықпен толыққанды қамтамасыз ету арқылы біз қоғамдық дамудың ең жоғарғы сатысына қарай көтерілеміз деген сөз.

Ал осы жоғары деңгейге көтерілгенге дейін біздің қазақ қанша ғасыр жол жүрді?

Рухани жаңғырудың талаптары тек бүгінгі заманда басталды ма? Тарихқа қарап отырсақ, осы рухани жаңғыруға деген ұмтылыс өзінің бүгінгі талап деңгейіне жету үшін ұзақ ғасырлар жол жүргенін көрер едік. Әр заманда біздің қазақтың сөз шеберлері, батырлары мен көсемдері, небір ақылгөйлері бұл мәселе туралы ой тастап, ғасырдан ғасыр асырып, құндылықтар кешенін жасақтапты. Және халық сол құндылықтарды жадында сақтап, бүгінгі күнге жеткізді. Бүгінгі рухани жаңғыру сол құндылықтарды жинақтап қана қоймай, оны жас ұрпақтың тәрбиесіне, отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі құралына айналдыру үшін сараптап, жіктеп, сала-сала бойынша көрсетіп, маңыздылығын түсіндіріп, алдымызға мақсат етіп бекітіп, жаңғырудың жаңа кезеңіне көтерілуді нұсқап отыр. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» делінген бұл құжатта. Демек, ұлттық кодты іздеуіміз керек. Ал, ол қайда болуы мүмкін? Ол ғасырлар қойнауынан жеткен мұраларымызда.

Осы мақаладағы «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген жолдарға сілтеме жасай отырып, Махамбет жырларына көз салайықшы. Жайықтың бойын жаңғырықтыра жыр төккен Махамбет ақын жырлары арқылы сол кезеңдегі рухани жаңғыру идеясының ұшқынын іздеп көрелік.

Ақынның:

*- Мен бір шарға ұстаған қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса – тағы жетілдім...*

деген өлең жолынан адам баласының жігеріне жігер қосатын іс-қимылдың керектігін Махамбет сол заманның тілімен, сөз саптауымен жеткізеді. Біздің қазақ та өз тарихында талай жерде «шабуын таппай кетілген», өкінішке ұрынған сәттері көп болды. Бірақ халықтың түп-тамырында, яғни, негізгі



кодында жатқан күш-жігері өшкен жоқ. Ол өзінің «қайраса, тағы жетілетін» сәтін күіп жүрді. Қазіргі заман – сол жетілетін кез. Рухани жаңғырудың адам жанын жігерлендірер жаңа бағытарға бастап тұрған толғамдарынан қайралып түсер кезеңдеміз.

*-Телегей теңіз шалқыған,
қоғалы көлдер суалып,
тізеге жетер-жетпес күн болған.
Жапанға біткен бәйтерек
Жапырағынан айрылып,
қу түбір болған күн болған, -*

деген жолдарын оқи отырып, тағы да рухани жаңғыру бағдарламасына көз жүгіртіңізші: «Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. ...Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы» делінген. Махамбетті де мұңайтқан мәселе осы еді. Рухани байланыс дегеніміз де осы.

Өз жырларында өткен ғасырларды қопара сөйлейтін Махамбет туған жердің тағдырына алаңдаушылықпен өтті. Сол алаңдаушылығымыз біздің дәуіріміздегі Кеңес үкіметінің кезінде де сейілген жоқ. Саяси өмірімізде де өз салт-дәстүріміздің жетімдікпен күн кешкенін де белгілі. Рухани жаңғыру бағдарламасында осы мәселеге айрықша мән берілсе, Махамбет сонау ғасырда тұрып:

*- Таудай болған талаптың,
назары қайтқан күн болған,
...Бағаналы боз орда,
еңкейіңкі күн болған, -*

деп үн қатады. Бірақ, автор осы жолдарда айтылған жайттардан үміт үзе сөйлемейді: таудай болған талап, бір жола жоқ болып кетпеген; назары қайтқан, демек, үміті өлген, бірақ ол әлі тірі; бағаналы боз орда құламаған, бірақ құлаудың аз-ақ алдында тұр. Міне, біздің қазақ халқы осындай жағдайды да бастан кешкендігін Махамбет тарихи дерек ретінде ұсынып отыр. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасында дәл осы жағдайлардың Махамбет дәуірінен бері қарай да жалғасқандығына назар аударылды: «Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды.



Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржолға күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды» деп көрсетілді. Яғни, рухани жаңғыру мәселесінің неліктен қажет болатындығының себептері айтылып тұр. Демек ендігі атқарылатын істер осы бағытты нысанаға алуы тиіс. Осылай болуы керектігіне кезінде Махамбет те назар аударды. Бірақ ол шарасыз еді. Ол өзі өмір кешкен XIX ғасырды түбегейлі өзгерткісі келді:

«Еділдің бойы – ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім, –

деп өзіндік рухани жаңғыру жобасын ойластырды. Өйткені адамзаттың санасы өзінің даму жолында қоғамды өзгерістерге түсіріп отырғанды қалайды. Және оны туғызатын адамдарды да тарихтың толқыны екшеп жарыққа алып шығады. Солай шыққан адамдардың бірі – Махамбет. Ондай өзгерістерді жасауға талпыныс сол кездегі ел билеушілердің тарапынан да болып жатты. Алайда бұл жеткіліксіз еді.

Махамбеттер түбегейлі өзгерістерді қалады. Махамбет халықтың ауыр да болса, шындықты сүйетін қасиетіне табан тіреді. Соны бетке ұстады. Көпшіліктің сол қасиетін тереңнен байлық қазғандай етіп суыртпақтап, жарыққа, кенге, анық көрініп тұратын күрес алаңына, яғни, кеңістікке алып шықты. Сөйтіп, өзінің поэзиясы арқылы халықтың нені қажет етіп жүргендерін өздеріне түсіндіріп берді, яғни, ғылымның тілімен айтқанда – негізгі идеяны алға шығарды. Алайда ондай идеяны жүзеге асырудың заманы әлі келген жоқ еді. Бүгінгі біздер бұрынғылардың нені армандап кеткендігіне қарап, ендігі бағытымызды айқындаймыз.

Рухани құндылықтарды рухани жаңғырудың негізіне алудағы мақсат – біздің өзіміздің түп тамырымызды табуға, тарихи халық екенімізді, тіліміздің тарихи тіл екендігін күллі әлемнің алдында дәлелдеу үшін замандарды үңгіп жол сала беру. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген Рухани жаңғыру бағдарламасында. «Мәңгі қалуға тиіс» болатын себебі – олар ұмытылса, халық та ұмытылады. «Оны дәлелдеу оңай емес, сондықтан осындай рухани құндылықтар арқылы бүгінгі рухани жаңғыру идеясының жібі үзілмей келе жатқандығын таныту»





кажет екендігі көрсетілген.

Жаһандану жан-жақтан бастырмалатып тұрған шақта өз болмысымызды сақтап қалудың жолы оңай емес. Елімізді дамыған 50 елдің қатарына қосу ісі оңайлықпен келе қоймасы анық. Әр заманның әр мақсатының өз қиындығы бар. Сол қиындықты айтудың өз заманына тән тілдік ерекшелігі бар. Ондай қиындықтарды айту арқылы қоғамды жігерлендірудің де өзіндік психологиялық ерекшеліктері болады. Сондықтан да Елбасы бұл бағдарламасында қоғамның әрбір мүшесінің жан-жақты болуының қажеттілігін және олай болмаған жағдайда, ілгері жылжу дегеннің бос сөз болатындығын айтты: Мақаладағы «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз» деген жолдардың біздің қандай жауапкершіліктің алдында тұрғандығымыздың сілтемесі болып табылды. Дәл осындай жағдайды өз заманына қарата Махамбет те айтқан еді. Тек Махамбеттің айтуы тым қатал және өз заманына түсінікті де әсерлі болатын тілмен айтты:

*Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға,
Қас үлектен туған қатепті,
Қара нар керек біздің бұл іске, -*

деген жолдар дамудың жаңа кезеңіне өту үшін қиындықтың және жауапкершіліктің ауыртпалығының болатындығын тікесінен айтқан. Махамбет бостандық жолындағы күрестің бүкіл жүгін өз өлеңдеріндегі қара нарына артып сөйлейді. Сонда өз көкірегіндегі жүгі жеңілдейтін сияқты. Қара нардың сөйлеу тілі жоқ, ол үшін адам, дәлірек айтқанда, ақын сөйлейді. Ақын бостандыққа жету үшін оған жаратылыстағы көзге көрініп тұрғанның да, көрінбей тұрғанның да бәрінің күшін іске қосады, яғни қара нарды да, поэзияны да. Дәл сол сияқты бүгінгі рухани жаңғырудың да жүгі жеп-жеңіл емес екендігін көріп отырмыз. Жеңілдікке дайындалу – жеңілудің басы.

Махамбет нағыз патриот ақын. Патриоттығы оның намысқойлығынан көрінеді:

*-Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы,
Намысына шыдай ма? –*

дейді ақын. Ал рухани жаңғыру намыс биігін жоғары ұстауды талап етеді.



Өйткені рухани күш – намыстың күшіне тура пропорционал дер едік. Намыс жоқта, рухани күш те жоқ. Жаңғыруға ұмтылатындар да намысшылдар. Өйткені артта қалу – ілгері кеткендердің шаңына көмілу деген сөз. Ал шаңға көміліп отыру нағыз намысты, өр мінезді ерге де, елге де тән емес.

*- Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпаңдай тізесін бүгін от жеген,
Тағы сынды ер едік,
Тағы да келдік тар жерге, -*

дейді ақын. Ақын тек оны айтып қана қоймайды, осыны осылай айту арқылы, сол тар жерден шығудың жолын іздеуге шақырып тұр. Бүгінгі жаһандану заманы да кең жерінді тарылтуға құштар. Сананды билеп алып, өз дегеніне көндіруге ұмтылады. Бүгінгі патриотизм туралы әңгіменің тек бүгінгі емес екендігін білу арқылы, осы жерді қорғап қалу үшін өткен заман батырлары мен сөз шеберлерінің қандай еңбек еткендігін білу арқылы, біз бүгінгі замандағы өз міндетімізді, миссиямыздың салмағын ұғынамыз. Яғни, олар бізге аманат етті, ал сол аманатқа біз қандай үлес қосып, келешекке қандай аманат қалдыра аламыз деген ой арқылы ғана жаңа кезеңге аяқ басуға жанталаса ұмтыламыз. Бұл идея тек бүгін ғана айтылған болса, оның салмағы болмайды. Ғасырлар жүгін арқалап келе жатқан идеялар ғана өзінің салмағымен жастарға ой сала алады.

*- Біздің анау Нарында,
бір төбелер бар еді,
айналасы ат шаптырса жеткісіз.
Қиқулап ұшқан қырғауыл,
күнінде құлан да басып өткісіз.
Ерте келген жақсылар,
кешке үйден кеткісіз.
Қойды мыңға толтырған,
Нарынның ата құмдары,
Түйені жүзге толтырған.
көкпекті, шайыр, шымдары,
жатып қалған тайлағы,
жардай атан болған жер,
жабағылы тоқтысы,
қой болып, қора толған жер.
Аш-арығым тойған жер,
жылаған бала қойған жер.*



Туған жердің кескінін осыншалық сүйіспеншілікпен жырлаудың төркінінде туған жерге деген шексіз патриотизм жатыр. Табиғатының әрбір көрінісін – төбелерін де, қырғауылын да, қойы мен түйесін де, шөбін де, тайлағы мен тоқтысын да жырға қосуы ақынның өз жерінің әр сүйеміне деген шексіз сезімін жеткізеді. «Ерте келген жақсылар, кешке үйден кеткісіз» деген жолдардың төркінінен туған жердің ырысты-берекесін, мейірімді-қонақжайлығын көреміз. «Жылаған бала қойған жер» деген теңеуді біз бұған дейін ешбір ақыннан естігеніміз жоқ. Жаныңды әлдилейтін, келген жанның көңілін рахатқа бөлейтін, жүректі жұбататын, жандүниеге ерекше тыныштық беретін туған жердің қасиетін дәл осылай тереңнен толғағанының өзі өз Отаныңды қалай бағалау керектігінің сілтемесі іспетті. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Махамбеттің туған жер туралы толғанысын Елбасының мақаласында айтылған «Туған жер» мәселесімен де сабақтастыра аламыз. Елбасының бұл жағдайды тереңнен толғап, көтеріп отырғаны да тегіннен тегін емес. Ел бірлігі туған жерге деген сүйіспеншіліктен тамыр тартып жатады. Бұл туралы «Рухани жаңғыру» мақаласында былай делінген: «Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті». Бабаларымыздың осылай мирас еткендігінің өзі бүгінгі жастарға рухани күш, психологиялық тұрғыдан айрықша сенімділік береді. Ресейлік әдебиеттанушы, философ Ю.М.Лотманның айтуы бойынша «Адамның іс-әрекеттерін тарихи--психологиялық механизмдер арқылы зерттемесек, қатып қалған жаттанды, үстірт түсініктің қоршауынан шыға алмай қаламыз» дейді. Демек, рухани жаңғыру дегеніміз адамның ішкі әлемінен басталуы керек. Елбасы ұсынған бағдарламада маңыз бере айтылған мәселенің бірі – осы. «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді» деп көрсетілген. «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп, «ізгі қасиеттерге» басымдық бере айтылуының өзінде қаншама мән жатыр.

-Қара қазақ баласын,
Хан ұлына теңгердік, -



деп, жас ұрпаққа тәрбие берудің методикасына дейін айтып кеткен Махамбеттік тәрбие негіздері нағыз отаншылдарды қалыптастырмайынша жетістік жоқ екендігін айтып тұрғандай. Сондықтан да «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жаңа заманның 100 оқулығы туралы айтылды. Оларды қазақ тіліне аударып «жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз» деп, білім берудің жаңа көкжиегін ашты. «Хан ұлына теңгеру» деген – осы. Бұл махамбеттік заман армандаған, бірақ жүзеге асыра алмаған, тек қазіргі Тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болып отырған жағдайлар.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шын мәніндегі бабалар арманын жүзеге асыру бағдарламасы болып отыр. Оның әр тармағы келешегі кемел елдің сипаттамасы мен мазмұнын айқындап берді.

Кез келген қолға алған істің негізінде ауызбіршілік жатады. Ауызбіршілік мәслесі де Рухани жаңғырудың негізгі талаптарының бірі. Ұлт тұтастығы талай қиындықтардан алып шығатын құдыретке ие. Тарихтың бетін ақтарсаңыз, ауызбіршілігі болмаған талай ұлттардың тоз-тозы шыққандығын, қай қиырға барып жоқ болып кеткендігін ешкім білмейді. Олардан қалған санаулы өкілдері өз ата-жұртын іздеп, өз ұлтының әр мемлекетте қалған қалдықтарына телміріп, сыртына білдірмесе де, іштей азап шегуде. Өз заманыда Махамбет те бөліну мен жарылудың не болатындығына былайша сілтеме жасайды:

-Бөліне көшкен елдерді,
Бөріккен қойдай қылармын,
Жарыла көшкен елдерді,
Жаралы қойдай қылармын, -

дейді. Ұлт үшін, қарапайым халық үшін мұндай жағдайдың орнауы – қасреттің ең үлкені. Туған жер мен туған ел мәселесін Махамбет осындай кендікпен және көрегендікпен жырлады.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, біз жас ұрпаққа бұл бағдарламаны өткенге сілтеме жасай отырып түсіндіруіміз керек. Ұрпақтар жалғастығының шын мәнісінде аса білімділікпен жалғасып келе жатқандығын білдіру маңызды. Олардың да келер ғасырларда сол үздіксіздікті сақтап қалуға бар білімі мен күш-жігерін жұмсауы керектігіне деген сілтеме болады. Ал ол үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылғанындай: «...тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды». ♦